

**«Ұлттық балаларды оңалту
орталығы» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 21 қарашадағы
№11 шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының уақытша бос ақшалай қаражатын орналастыру туралы
ЕРЕЖЕ**

Астана - 2024

1. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ уақытша бос ақшалай қаражатын орналастыру туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) - «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам, Орталық) уақытша бос ақшалай қаражатын екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне және ақша қаражаттарының баламаларын қоспағанда, «Овернайт» салымына орналастыру тәртібін айқындайтын ішкі құжаты.

2. Ережені әзірлеу кезінде мына нормативтік құжаттар пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы» 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №960 қаулысы;

- Қоғам Жарғысы;

- Қоғамның басқа да ішкі құжаттары.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

3. Бұл Ережеде пайдаланылған терминдер, анықтамалар мен қысқартулар:

Бухгалтерия – Қоғамның осы Ережені әзірлеуге және орындауға жауапты бөлімшесі;

Уақытша бос ақшалай қаражат (бұдан әрі - УБАҚ) — уақытша бос ақшалай қаражат мөлшерін айқындайтын күні орындалуға тиіс барлық ағымдағы міндеттемелер төленгеннен кейін Қоғамның шоттарында орналастырылған және белгілі бір кезең ішінде пайдалану жоспарланбаған қаражат.

Овернайт - бос ақшалай қаражатты теңгемен немесе шетел валютасында бір жұмыс күніне немесе бір түнге, екінші деңгейдегі банктер күн сайын белгілейтін сыйақы мөлшерлемесі бойынша орналастыруға мүмкіндік беретін қысқа мерзімді депозиттің бір түрі.

Пруденциялық нормативтер - екінші деңгейдегі банктердің негізгі көрсеткіштерінің (капитал мен өтімділік) ең төменгі мәніне қойылатын заңнамада бекітілген талаптар, яғни банктің табысты жұмысының базалық көрсеткіштері.

Ұзақ мерзімді кредит қабілеттілігі рейтингісі - рейтинг агенттігінің тәуекел факторларын бағалау негізінде қарыз алушының жалпы салыстырмалы кредит қабілеттілігі немесе оның нақты борыштық міндеттемелер бойынша кредит қабілеттілігі туралы пікірі. Кредиттік рейтингілер қарыз алушының өткен және ағымдағы қаржылық тарихы, сондай-ақ оның меншігі көлемі мен өзіне алған қаржылық міндеттемелерінің (қарыздарының) мөлшері негізінде есептеледі. Рейтингінің негізгі мақсаты — әлеуетті кредиторлар мен салымшыларға қабылданған қаржылық міндеттемелердің уақтылы орындалу ықтималдығы туралы түсінік беру.

ЕДБ – екінші деңгейдегі банк;

РК – Қазақстан Республикасы;

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.

3. Уақытша бос ақшалай қаражатты екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне орналастыру тәртібі

4. Ортақтың иелігіндегі уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру оларды ұтымды пайдалану және қосымша табыс алу мақсатында жүзеге асырылады.

5. Орталық уақытша бос ақшалай қаражатын кемінде 3 (үш) ЕДБ депозитінде орналастырады.

Әр ЕДБ-дегі депозит сомасы уақытша бос ақшалай қаражаттың мөлшерінің 30 (отыз) пайызынан аспауға тиіс.

5000 (бес мың) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі уақытша бос ақшалай қаражатты бір ЕДБ-де орналастыруға болады.

Депозит мерзімі 12 айдан аспауға тиіс.

4. Уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру үшін ЕДБ іріктеу тәртібі

6. Қоғам белгіленген тәртіппен төмендегі ақпаратты алу үшін ЕДБ-ға сұраным жолдау туралы шешім қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс:

- қаражатты депозиттерге орналастыру мерзімдері, ЕДБ есептейтін сыйақы мөлшері және депозиттерге қатысты өзге де ақпарат туралы;

- ЕДБ-де шоттарды ашу және оларға қызмет көрсету шарттары туралы.

7. Бухгалтерия ЕДБ-дан алған ақпарат негізінде уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру үшін ең тиімді шартты ұсынған банкті айқындау мақсатында ақпаратты Басқарманың келісуіне ұсынады. Уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру үшін ЕДБ-ны таңдау туралы шешім Қоғам Басқармасының отырысында қаралып, хаттамамен рәсімделеді.

5. ЕДБ-жа шот ашу тәртібі

8. Банк Қоғамның депозиттік шот ашу туралы өтініштің негізінде және ҚР заңнамасында белгіленген талаптарға нысаны мен мазмұны бойынша сәйкес келетін және Банк айқындаған барлық қажетті құжатты ұсынғаннан кейін Қоғамға депозиттік шот ашады.

9. Шот Қоғамға депозит бойынша сыйақы түріндегі пайыздық табыс алу және негізгі салым сомасын орналастыру үшін ашылады.

10. Қоғамның бухгалтериясы ай сайын депозиттік шоттарда ақша қаражатты орналастырылған екінші деңгейдегі банктердің осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізіп отырады. Мониторингтің нәтижелері мәлімет үшін Басқармаға жолданады.

8. Уақытша бос ақшалай қаражатты екінші деңгейдегі банктерде «Овернайт» салымына орналастыру шарты

11. Қоғам төменде көрсетілген ЕДБ-ге қойылатын барлық ең төменгі талаптар орындалған жағдайда, УБАҚ-ты «Овернайт» депозитіне орналастыру мәселесін қарайды:

- 1) активтерінің құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден төмен емес;
- 2) ЕДБ өз капиталының валюталық баланстағы үлесі кемінде 10,0% ;
- 3) шұғыл өтімділік коэффициенттері (К4-2, К4-3) кемінде 1,5;
- 4) ЕДБ-ның пруденциялық нормативтерді орындауы;
- 5) ЕДБ-ге қатысты соңғы 6 (алты) ай ішінде оның төлем қабілетіне айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін, жария түрде белгілі сот немесе әкімшілік істердің болмауы;
- 6) соңғы 6 (алты) ай ішінде оның төлем қабілетінің төмендеуі немесе өзге қабылданған міндеттерді орындау қабілетіне теріс әсер ететін, ЕДБ беделіне нұқсан келтіретін ресми ақпараттың болмауы.

12. Уақытша бос ақша қаражатын «Овернайт» депозитіне орналастыру мақсатында Қоғамның бухгалтериясы осы Ереженің қосымшасындағы нысанға сәйкес ЕДБ-ге депозит түрлері, орналастыру сомасы мен мерзімі, әр мерзімге арналған сыйақы мөлшерлемелері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, депозит бойынша келісім мерзімінен бұрын тоқтатылса ақша алу шарттары және салымдарға (депозиттерге) қатысты басқа ақпараттар туралы сұраным жібереді.

Кемінде алты ЕДБ-ден сұратып алынған ұсыныстарды іріктегеннен кейін, ең тиімді шарт ұсынылған жағдайда ғана УБАҚ-ты орналастыру жүзеге асырылады.

13. Қоғамның бухгалтериясы ЕДБ-лердің депозиттерді орналастыру шарттары туралы жазбаша ұсыныстарын жинау және өңдеу процесі үшін жауапты болады.

14. Қоғам Басқармасының отырысына материал дайындаған кезде ЕДБ қаржылық жағдайы туралы да қорытынды болуы қажет.

15. Орналастыру туралы сұранымдардың көшірмелері, банк ұсыныстарының салыстырмалы анализі және қорытынды бір күнтізбелік жыл сақталады, содан кейін Қоғамның мұрағатына тапсырылады.

16. Ұсынылған ақпаратты қарағаннан кейін Қоғам Басқармасы ЕДБ көрсете отырып, УБАҚ орналастыру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

17. «Овернайт» салымдарындағы ақшалай қаражатты Компания жұмыс күнінің соңында ЕДБ-ға аударады, ал келесі күні таңертең аударылған ақшалай қаражат толық көлемде Компанияның ағымдағы шотына пайыздық табыспен қайтарылады.

9. Депозиттік салымдарды жабу тәртібі

18. Банк салымдары туралы ЕДБ-мен жасалған шарттарда мына талаптарды қарастыру ұсынылады :

1) салымды қайтаруды банк орналастыру мерзімі аяқталған күні жүзеге асырады;

2) айыппұл санкцияларын қолданбай салымды мерзімінен бұрын талап ету мүмкіндігі.

19. Банк салымды мерзімді салым туралы қол қойылған келісім шеңберінде қайтарады. Салым бойынша сыйақы төлеу салымды орналастыру шарттарына сәйкес Қоғамның ағымдағы шотына аудару жолымен жүргізіледі.

20. Қоғамның бухгалтериясы салымдардың уақтылы қайтарылуын және сыйақының дұрыс есептелуін бақылауға жауапты.

21. Есептелген сомалар бойынша алшақтық анықталған жағдайда Қоғамның бухгалтериясы алшақтықтардың себептерін анықтау үшін банкке жүгінеді.

22. ЕДБ депозиттерінен барлық УБАҚ сомасын жоспардан тыс алу туралы шешімді Қоғамның Басқармасы қабылдайды. Қоғамның салымын мерзімінен бұрын талап еткен кезде банкке салымды мерзімінен бұрын алып қоюға негіз болатын хабарлама - хат ұсыну қажет.

10. Қоғамның иелігінде қалған таза табысты бөлу және нормативтерін белгілеу тәртібі

23. Таза табысты бөлудің мақсаты және жалпы қағидаттары:

1) **Мақсаты** – Қоғамның қаржы ресурсын тиімді басқаруды қамтамасыз ету және пациенттерге барынша сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін оларды өз қажеттілігіне бөлуді оңтайландыру;

2) **Жалпы қағидаттары:**

3) **Ашықтық** – таза табысты бөлу ішкі қызметкерлерге де, жалпы қауымға да түсінікті айқын және түсінікті өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады;

4) **Тепе-теңдік** – таза табысты бөлу кезінде Орталықтың түрлі қажеттіліктері, оның ішінде медициналық жабдықтарды жаңарту, персоналдың біліктілігін арттыру, науқастар үшін қолайлы жағдай жасау және басқа да аспектілер ескеріледі;

5) **Дамуға салынатын инвестиция** – таза табыстың бір бөлігін Орталықтың дамуына салу тетігін қарастырады, оның мақсаты медициналық қызмет сапасын жақсарту және инфрақұрылымды жетілдіру;

6) **Заңға бағыну** – таза табысты бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

24. Қоғамның таза табысын бөлу таза табыс сомасын Орталықтың белгілі бір қажеттіліктеріне, резерв капиталын қалыптастыруға, өндірісті дамытуға және өзге де бағыттарға бөлу кезіндегі пайыздық арақатынаспен айқындалады.

25. Материалдық-техникалық базаны дамытуға және нығайтуға бағытталатын таза табыстың үлесі Қоғамның иелігінде қалатын таза табыс сомасының кемінде 60% құрауға тиіс.

11. Таза кірісті бөлу тәртібі

26. Таза табысты орталық бойынша бөлу рәсімі төмендегідей жүргізіледі:

- шығындарды жабуға байланысты резервке - таза кірістің 10% ағымдағы шығындарды, қызметкерлердің жалақысын және басқа да шұғыл қажеттіліктерді (күтпеген шығындарды немесе дағдарыс жағдайларын жабу) қоса алғанда, операциялық қажеттіліктерге бөлінеді;

- дамытуға - 60% орталықты дамыту үшін қаржы резервін құруға және материалдық-техникалық базаны жарақтандыруға бөлінеді;

- қызметкерлерді материалдық ынталандыруға - таза табыстың 30% медициналық көмек сапасының белгілі бір көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін персоналға сыйақы беруге, сондай-ақ Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беруге пайдаланылады.

12. Таза кірісті бөлу жұмыстарын бақылау, мониторинг жүргізу және талдау

27. Орталықтың қаржы ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету және пациенттерге барынша сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін оларды өз қажеттілігіне бөлуді оңтайландыру үшін таза табыстың уақтылы және толық бөлінуін бақылауды Басқарма төрағасы жүзеге асырады.

28. Таза табысты бөлудің тиімділігіне тұрақты мониторинг пен талдау жүргізуді Қоғамның қызметін және нәтижелерін бағалау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы орталықтың ағымдағы қажеттіліктері мен қызметінің нәтижелеріне (медициналық қызметтер нарығындағы нақты жағдайды және орталықтың қажеттіліктерін ескере отырып) қарай бөлу стратегиясын түзету мақсатында жүзеге асырады.

13. Қорытынды ережелер

29. Халықаралық кредит рейтингтер мен қаржы құралдарының түрлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптары, кредиттік тәуекелді бағалаудың халықаралық практикасы бойынша белгіленген талаптарға сәйкес болу мақсатында, сондай-ақ қаржы нарықтарындағы (оның ішінде халықаралық) ахуалдың өзгеруіне байланысты осы Ережеге белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

30. Осы Ережеде реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілерін өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген тармақтары оған қайшы

келсе, бұл тармақтардың күші жойылады және осы Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілерін басшылыққа алады.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ
уақытша бос ақшалай қаражаттын
орналастыру туралы осы ережеге
қосымша

Сұраным

Уақытша бос ақшалай қаражатты банктердегі Овернайт-депозиттерде орналастыру үшін «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Сіздің банкте уақытша бос ақшалай қаражатты орналастыру шарттарын және банктің соңғы есептік күндегі қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты төмендегі көрсеткіштер бойынша ұсынуды сұрайды.

Сомасы	мерзімі	Орналастырған күні	Қайтаратын күн	Депозит бойынша банк ұсынатын % мөлшерлеме	Мерзімінен бұрын бұзған кездегі сыйақы мөлшері, %

Басқарма төрағасы